

**Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы қаржы-валюталық бақылау комитеті туралы ережені бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 19 маусымдағы N 753. Күшін жойған - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997.07.04. N 1061 қаулысымен

"Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 қазандағы N 2541 U952541\_ Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Қаржы-валюталық бақылау комитеті туралы Ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Қаржы-валюталық бақылау комитеті мен оған тікелей бағынатын облыстардағы және Алматы қаласындағы басқармалар аудандардағы және облыстық бағыныстағы қалалардағы бөлімшелер қаржы-валюталық бақылаудың бірыңғай жүйесін құрайды және республикалық бюджеттің есебінен ұсталады деп белгіленсін.

3. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржы-бақылау комитеті туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 7 қазандағы N 1124 P941124\_ қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 42, 457-бап);

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің салық салу мәселелері жөніндегі кейбір шешімдеріне өзгертулер енгізу және кейбіреуінің күші жойылған деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 2 тамыздағы N 1069 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж N 27, 320-бап) бекітілген салық салу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір

шешімдеріне енгізілетін Өзгертулердің 12-тармағы;

"Республикада валюталық бақылауды ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 31 тамыздағы N 1207

қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж, N 29, 358-бап).

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 19 маусымдағы

N 753 қаулысымен

Бекітілген

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы

қаржы-валюталық бақылау комитеті туралы

Ереже

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Қаржы-валюталық бақылау комитеті (бұдан әрі - Комитет) Қазақстан Республикасының барлық деңгейдегі бюджеттің атқарылуын, бюджеттік, кредиттік және валюталық қаражатты, оның ішінде мемлекеттің кепілдігімен тартылған шетелдік займдар мен инвестицияларды қоса алғандағы мемлекеттік меншіктің, мемлекеттің материалдық және қаржылық ресурстарының мақсатты және тиімді пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырушы арнаулы атқарушы о р г а н ы б о л ы п т а б ы л а д ы .

2. Өзінің қызметінде Комитет Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Парламенттің қаулыларын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің бұйрықтары мен нұсқауларын және осы Ережені басшылыққа алады.

3. Комитет оған бағынатын облыстардағы, Алматы қаласындағы басқармалар және аудандар мен облыстық бағыныстағы қалалардағы бөлімшелер жүйесінде орталық орган болып табылады, арнаулы атқару және ведомствоаралық бақылау қ ы з м е т т е р і н д е р б е с а с ы р а д ы .

Комитеттің аумақтық органдары өзінің қызметін жергілікті атқарушы органдармен үйлестіреді, оларды жүргізілген тексерулер мен тексерістердің нәтижелері туралы мезгіл-мезгіл хабардар етіп тұрады, кәсіпорындардың, ұйымдардың және басқа да заңды тұлғалардың қаржы-шаруашылық қызметіндегі заңдылықтың бұзылуын, ақша қаражаттарын, материалдық игіліктерді және басқа мүліктерді ысырап қылу, ұрлау және олардың жетпеуі, лауазымды

тұлғалардың қызмет бабын теріс пайдалануы фактілерін жоюға және оның алдын алуға бағытталған ұсыныстар енгізеді.

Бақылау-тексеру жұмысында қатар жүргізуге және қайталауға жол бермеу мақсатында Комитеттің бөлімшелері өздерінің жұмысын құқық қорғау, салық және басқа бақылаушы органдарымен кәсіпорындардың, ұйымдардың және басқа да заңды тұлғалардың қаржы-шаруашылық қызметіне тексерістер мен тексерулер жүргізудің жоспарларын келісе отырып өзара байланыста жүргізеді.

4. Комитеттің органдарына мемлекеттік қызметке кіретін адамдардың жоғары экономикалық білімі, не болмаса мамандығы бойынша кемінде 3 жыл жұмыс стажымен бірге тиісті арнаулы орта білімі болуы, сондай-ақ арнаулы тексеру мен конкурстық іріктеуден өтуі қажет. Комитет органдарының қызметшілері Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілеген тәртіпте және мерзімде, бірақ кем дегенде үш жылда бір рет аттестациядан өтеді.

## II. Қазақстан Республикасы Қаржы-валюталық бақылау комитетінің міндеттерін мен қызметтері

### 5. Қаржы-валюталық бақылау комитетінің басты міндеттері:

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бекітетін Комитеттің жұмыс жоспарына сәйкес қаржы-валюталық бақылауды жүзеге асыру жөнінде, жоғары тұрған органдардың тапсырмасы бойынша да республикалық және жергілікті бюджеттерді жекелеме тауарлар мен баптар бойынша, министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің қаржы-шаруашылық және сыртқы экономикалық қызметіне және бюджеттік қаражаттардың есебінен ұсталатын басқа да орталық, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың, мемлекеттік кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың мемлекеттік инвестициялық және кредиттік ресурстарды, мемлекет кепілдік берген шетелдік займдар мен кредиттерді мақсатты және тиімді пайдалануына жедел қаржы-валюталық бақылауды ( тексерістерді, тексерулерді) ұйымдастыру және жүргізу;

өзінің құзыретінің шегінде және қолданылып жүрген заңға сәйкес мемлекеттік кәсіпорындардағы, ұйымдардағы, мекемелердегі заңды бұзушылық фактілері жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің, әкімдердің тапсырмасы, азаматтардың хаттары, арыздары және шағымдары бойынша тексерулер мен тексерістер жүргізу ;

МТК, ҰҚК және прокуратура органдарының қылмыстық істер қозғалуы негізінде шығарған ұсыныстары бойынша мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің қаржы-шаруашылық қызметіне тексерулер мен тексерістер жүргізу ;

тексерулер мен тексерістердің материалдарын қорыту негізінде шетелдік

валютаны қоса алғандағы мемлекеттік қаржылар мен ресурстарды ұтымды пайдалану, төлем тәртібін, бюджетпен және мемлекеттік қорлармен есеп айырысуларды жақсарту, мемлекеттік кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде ұрлықты, жетімсіздік пен ысырапқорлықты, сондай-ақ қаржы қаражаты мен мүлікті тиімсіз пайдалану фактілерін жою және кінәлі лауазымды адамдарды тәртіпке шақыру, материалдық және әкімшілік жауапкершілікке тарту жөнінде ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

6. Алға қойылған міндеттерді жүзеге асыру мақсатында Комитетке және оның жергілікті органдарына мынадай қызметтер жүктеледі:

Комитеттің Жұмыс жоспарына сәйкес министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің және басқа да орталық, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың, мемлекеттік кәсіпорындардың, бюджеттік мекемелердің қаржы-шаруашылық қызметіне, оларда ақшалай қаражат пен тауар-материалдық құндылықтардың сақталуына тексерістер мен тексерулер, мемлекет мүдделеріне қатысты басқа да қаржы мәселелері бойынша тақырыптық тексерулер жүргізу және олардың негізінде үнем тәртібін қамтамасыз етуге, мемлекеттік қаржылар мен ресурстарды, оның ішінде валютаны мақсатты және тиімді пайдалануға бағытталған ұсыныстар әзірлеу;

халықаралық шарттар мен келісімдер негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кепілдігі бойынша Қазақстан Республикасына берілетін кредиттердің, республикаға бөлінетін гуманитарлық көмектің, министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің және басқа да орталық, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың, мемлекеттік кәсіпорындардың, бюджеттік мекемелердің қызметкерлерінің шетелдік іссапарларына арналған шығындардың тиімді және мақсатты пайдаланылуына бақылау орнату;

кәсіпорындардың, ұйымдардың және басқа да заңды тұлғалардың валюталық түсімінің толықтығын және мезгілінде түсіп тұруын және оны пайдалануды қамтамасыз ету, валюталық операциялар бойынша есеп пен есептілік жүргізілуі бөлігіндегі сыртқы экономикалық қызметіне бақылауды жүзеге асыру;

жарғылық қорында Қазақстан Республикасының мемлекеттік меншігі бар шетелдік капиталдың қатысуымен құрылған кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізу;

Қазақстан Республикасының шет елдердегі елшіліктері мен өкілдіктерін қаржыландыруға бөлінетін қаражаттың мақсатты пайдаланылуын сол жерге барып тексеруді жүзеге асыру;

шұғыл айналыстағы вексельдер мен мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерді өтеу үшін бөлінген бюджеттік қаражаттардың мақсатты пайдаланылуына тексеру жүргізу;

акциялардың мемлекеттік пакеттерін дивидендтердің дұрыс есептелуін және

акционерлік қоғамдардың оларды бюджеттің кірісіне аударуының толықтығын  
бақылауды жүзеге асыру;

республика экономикасын қаржы жағынан сауықтыру және нығайту,  
кәсіпорындардың, ұйымдардың және басқа да заңды тұлғалардың мемлекетпен  
қаржылық өзара қатынастарын, есеп айырысу-кредиттік және валюталық-қаржы  
механизмін жетілдіру жөніндегі шараларды әзірлеуге қатысу;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі  
мемлекеттік комитетімен және Қазақстан Республикасының жекешелендіру  
жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп, ал қажетті жағдайларда дербес,  
мемлекеттік меншікті мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіруді жүргізу  
кезінде белгіленген тәртіптің және мемлекеттің экономикалық мүдделерінің  
сақталуын тексеруді жүзеге асыру;

қарамағындағы бөлімшелердің жұмысын ұйымдастыру, бақылау жұмысын  
жүргізуде оларға практикалық және әдістемелік көмек көрсету, олардың оң  
жұмыс тәжірибесін зерттеу және оны барлық бөлімшелер арасында тарату,  
сондай-ақ кадрларды даярлау және қайта даярлау жөнінде шаралар жүргізу.

### III. Қазақстан Республикасы қаржы-валюталық бақылау комитетінің құқықтары

7. Комитет пен оның жергілікті органдарының өздеріне жүктелген  
міндеттерді жүзеге асыру кезінде:

тексерілетін объектілерде нормативтік сипаттағы құжаттаманы: жоспарларды  
, сметаларды, есептемелерді, бухгалтерлік, банк және қаржы құжаттары мен іс  
жүзінде қолда бар нақты ақша қаражатын, бағалы қағаздар мен материалдық  
иеліктерді тексеруге;

министрліктерге, мемлекеттік комитеттерге және басқа да орталық, сондай-ақ  
жергілікті атқарушы органдарға, мемлекеттік кәсіпорындарға, мекемелер мен  
ұйымдарға, банкілер мен басқа да мемлекеттік кредит-қаржы мекемелеріне,  
әскери бөлімдер мен бөлімшелерге кедергісіз баруға;

кассаларға, касса және қызмет бөлмелеріне, қоймалар мен мұрағаттарға сүргі  
салуға, ал қолдан жасалған, жалған құжаттар, ұрлық пен жолсыздықтар  
анықталған жағдайда - істі алу актісін, алынған құжаттардың көшірмелерін  
немесе тізбесін қалдырып қажетті құжаттарды алуға;

тексерілген кәсіпорындардың, ұйымдардың және басқа да заңды тұлғалардың  
басшылары мен басқа да қызметкерлерінен тексерістер мен тексерулер  
барысында туындаған күмәнді және түсініксіз мәселелер бойынша жазбаша  
түсініктеме беруді талап етуге және оларды алуға;

қозғалған қылмыстық істер бойынша тексерілетін объектілер бойынша

банктер мен өзге де кредиттік мекемелерден операциялар мен шоттардың жай-күйі туралы қажетті мәліметтер алуға, тексерістер мен тексерулерге қатыстыру үшін мүмкіндікке қарай басқа ведомстволардың мамандарын тартуға;

тексерістер мен тексерулердің барысында тексерілген кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің басшыларымен бірлесіп, анықталған қаржы тәртібінің, бухгалтерлік есеп жүргізу тәртібінің бұзылуын және қаражаттардың заңсыз жұмсалуын жоюға қажетті шаралар қолдануға;

тексерістер мен тексерулердің материалдары бойынша министрліктерге, мемлекеттік комитеттерге және басқа да орталық атқарушы органдарға, кәсіпорындарға, ұйымдарға және басқа да заңды тұлғаларға беті ашылмаған жолсыздықтарды жою, залалды кінәлі адамдардың есебінен өтеу және оларды заңда белгіленген тәртіппен жауапкершілікке тарту туралы орындау үшін міндетті нұсқаулар беруге;

кезінде анықталған жетімсіздіктер, ысыраптар, ұрлық және жолсыздықтар жөніндегі тексерістер мен тексерулердің материалдарын тергеу органдарына жіберуге. Соңғыларынан осы материалдар бойынша қолданылған шаралардың нәтижесі туралы ақпарат не болмаса материалдық залалды өтеу мәселесін шеше отырып, қылмыстық іс қозғаудан бас тарту немесе материалдарды қарауды тоқтату туралы қаулылардың көшірмелері қоса берілген уәждеделген қорытынды беруді талап етуге;

салық қызметіне есепке алу және қаржы мен айып санкцияларын қоса алғандағы, жасырып қалған салықтар мен төлемдерді бюджетке өндіріп алу үшін салық заңдары бұзылуының анықталған фактілері бойынша тексерістердің материалдарын беруге;

мекемелер мен ұйымдардың республикалық бюджеттен алған басы артық қаржыларына есептеме жүргізу жөніндегі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылығына, ал тексерістер мен тексерулердің барысында анықталған қосымша төлемдер сомасын өндіріп алу жөнінде - салық органдарына ұсыныс енгізуге;

көрсетілген қызметтердің ақысы өздерінің көмегі арқылы анықталған, бүркемеленген соманың не жасырылған түсімнің немесе келтірілген өзге де залалдың есебінен төлене отырып, Қазақстан Республикасы кәсіпорындарының, ұйымдарының және өзге де заңды тұлғалардың шетелдік әріптестермен есеп айырысуының негізділігін анықтау үшін тиісті шетелдік қызмет орындарымен өзара іс-қимыл жасауға құқығы бар.

#### IV. Қаржы-валюталық бақылау комитетінің қаражаты

8. Комитеттің органдары республикалық бюджет қаржылары есебінен

ұсталады. Қызметкерлердің жалпы санының лимитін және қызмет бабында пайдаланылатын жеңіл автомобильдер санын:

Комитетке - Қазақстан Республикасының Үкіметі, облыстар, Алматы қаласы бойынша басқармаларға, аудандар мен қалалар бойынша бөлімшелерге - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілейді.

Комитеттің орталық аппаратының құрылымы мен штат кестесін Қазақстан Республикасының қаржы министрі, ал облыстар мен Алматы қаласы бойынша басқармаларда - осы органдардың басшылары бөлінген адам саны шегінде б е к і т е д і .

9

ЕСКЕРТУ. 9-тармақтың күші жойылған - ҚРҰ-нің 1997.04.08. N 505 қаулысымен. P 9 7 0 5 0 5 \_

#### V. Қаржы-валюталық бақылау комитеті қызметкерлерінің әлеуметтік және құқықтық қорғалуы

10. Қаржы-валюталық бақылау органдарының қызметкері қызмет бабындағы міндеттерін орындауға байланысты кездейсоқ оқиғалардан қаза тапқан жағдайда, не ол қаржы-валюталық бақылау органдарында жұмыс істеген кезінде алған жарақаты, ауруға шалдығуы салдарынан жұмыстан босатылғаннан кейін қайтыс болған жағдайда қаза тапқан (қайтыс болған) қызметкердің отбасына немесе оның асырауындағы адамдарға (мұрагерлеріне) қаза тапқан (қайтыс болған) қызметкердің соңғы атқарған қызметі бойынша республикалық бюджет қаржылары есебінен он жылдық орташа жалақысы мөлшерінде бір жолғы жәрдемақы төленіп, кейіннен бұл сома кінәлі адамдардан өндіріп алынады.

Қаржы-валюталық бақылау органдарының қызметкеріне қызмет бабындағы іс-әрекетті жүзеге асыруына байланысты жұмысын одан әрі жалғастыру мүмкіндігінен айыратын ауыр дене жарақатын салған жағдайда, оған республикалық бюджет қаржылары есебінен бес жылдық орташа жалақысы мөлшерінде бір жолғы жәрдемақы төленіп, кейіннен бұл сома кінәлі адамдардан өндіріп алынады, сондай-ақ оның айлық жалақысы мен зейнетақысы арасындағы айырма (өмір бойы) төленеді.

Қаржы-валюталық бақылау органдарының қызметкеріне қызмет бабындағы іс-әрекетті жүзеге асыруына байланысты орташа ауыр дене жарақаты салынған жағдайда, оған республикалық бюджет қаржылары есебінен бес орташа айлық жалақысы мөлшерінде бір жолғы жәрдемақы төленіп, кейіннен бұл сома кінәлі адамдардан өндіріп алынады.

11. Комитет органдарының және оның жергілікті бөлімшелерінің жедел істермен айналысатын қызметкерлері өздерінің функционалды қызметі мен

міндеттері бойынша республикалық бюджет есебінен міндетті сақтандырылуға жатады. Лауазымдардың номенклатурасын Комитеттің кеңесі айқындайды.

## VI. Қаржы-валюталық бақылау комитетінің жұмысын ұйымдастыру

12. Комитетті Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайтын Төраға басқарады.

13. Төрағаның орынбасарларын Комитет Төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің келісімімен Қаржы министрі лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.

Комитеттің облыстар, Алматы қаласы бойынша басқармаларының бастықтары мен олардың орынбасарларын, аудандық және қалалық бөлімшелердің басшыларын Комитет Төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрі тағайындайды.

Комитеттің орталық аппаратының құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарының басшыларын тағайындау мен босату Қазақстан Республикасының Қаржы министрі бекітетін лауазымдардың номенклатурасына сәйкес жүргізіледі.

14. Комитеттің Төрағасы Комитет пен оның жергілікті органдарының қызметін басқарады. Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларының жүзеге асырылуына дербес жауап береді, орынбасарларының арасындағы міндеттерді бөледі;

Өз құзыреті шегінде Комитеттің орталық аппараты қызметкерлерінің қызмет бабымен ауыстырылуын және жұмыстан босатылуын жүзеге асырады, оларға еңбек заңдарында көзделген көтермелеу және тәртіпке шақыру шараларын қолданады;

тексерістер мен тексерулердің жоспарлануын, жүзеге асырылуын және олардың нәтижелерінің ресімделуін реттейтін ведомстволық нормативтік актілерді әзірлейді және бекітеді;

Комитеттің құзыреті шегінде қолданыстағы заңдарға сәйкес орталық аппараттың барлық қызметтері мен ведомстволық қарасты органдарының орындаулы үшін міндетті бұйрықтар мен нұсқаулықтар шығарады және нұсқаулар береді.

15. Комитеттің орталық аппаратының қызметкерлері материалдық-техникалық қамтамасыз ету және медициналық қызмет көрсету жағдайлары бойынша, ал Комитеттің басшылары көлік қызметін көрсету жағдайлары бойынша да Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі орталық аппаратының қызметкерлеріне теңестіріледі.



16. Төраға, оның орынбасарлары мен Комитеттің орталық аппаратының басқа да басшы қызметкерлері құрамында құрылатын кеңес Комитеттің алқалы басқару органы болып табылады. Комитеттің алқалы жұмыс органының адам саны мен дербес құрамын Комитет төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрі бекітеді.

Осы орган өзінің мәжілістерінде Комитеттің ағымдағы және келешектегі міндеттерін айқындайды, бақылау-тексеру жұмысының әдістерін жетілдірудің және тиімділігін арттырудың, қабылданған шешімдерді орындаудың, кадрларды іріктеудің, орналастырудың, қайта даярлаудың негізгі мәселелерін қарайды, аса маңызды бұйрықтардың, нормативтік және әдістемелік құжаттардың жобаларын талқылайды, Комитет бөлімшелерінің жұмысы туралы есептерді тыңдайды.

Алқалы жұмыс органының шешімдері Комитет төрағасының бұйрықтарымен і с к е а с ы р ы л а д ы .

17. Облыстық және Алматы қаласы бойынша басқармалар, сондай-ақ олардың облыстардың орталық қалаларындағы бөлімшелері заңды тұлғалар болып табылады, жеке мүлкі болады, банктерде ағымдағы және өзге шоттары және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленіп, қазақ және орыс тілдерінде өздерінің атаулары жазылған мөрі болады.

Комитеттің орталық аппараты мен оның аумақтық органдарын қаржыландыру Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің орталықтандырылған бухгалтериясы арқылы жүзеге асырылады.

Қалалық және аудандық бөлімшелердің қызметкерлерін (басшыларын басқаларын) жұмысқа қабылдау, босату, оларды ұстап тұру жөніндегі шығындарды қаржыландыруды және есебін жүргізуді Комитеттің облыстар мен Алматы қаласы бойынша басқармалары, қажеттігіне қарай, ақша қаражатын аудару үшін қызмет көрсететін банктің мекемелерінде атаулы ағымдағы шоттар а ш у а р қ ы л ы ж ү з е г е а с ы р а д ы .

## VII. Қаржы-валюталық бақылау комитетінің таратылуы және қайта ұйымдастырылуы

18. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Қаржы-валюталық бақылау комитетін тарату және қайта ұйымдастыру заңдарда белгіленген тәртіппен жүргізіледі.